

Қазақстан Республикасында қымбат металдар үшін есеп айырысу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 21 желтоқсан N 1431. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.20. N 1580 қаулысымен.

Көлік жалдау жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шығындарын өтеу, дүниежүзілік рынокқа металдарды сақтап және күзетіп жеткізу кезінде шетелдік фирмалардың қымбат металдар құймасын "Лондондық сапалы жеткізіп беру" талабы деңгейіне дейін жеткізген қызметтер төлемін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазына қоймасына /Гохран/ өткізілетін және кен шикізатынан алынғандарын, сондай-ақ қайталама ресурстардан алынатын тауарлық қымбат металдар құнын төлеу 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген теңгенің АҚШ долларына шаққанда бағам бойынша есептелініп, қымбат металдар лондондық рынок ассоциациясы белгілеген таңертеңгі фиксингтен /деңгейден/ тапсыру күніне есептеліп, төмендегідей бағамен:

алтын, платина және платина тобындағы металдар бойынша 7 процент мөлшерінде ;

күміс бойынша - 12 процент мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қымбат металдар үшін Банктің кірісі есебінен төлем жасау ұсынылсын.

2. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы алтын, күміс және басқа қымбат металдар өткізушілер үшін, сондай-ақ қымбат металдар кез-келген шикізат түрінде жеткізіп беретін немесе оны ұқсататын бірлестіктер, кәсіпорындар мен мекемелер үшін қолданылып жүрген ішкі есеп айырысудың бағасына түзетулер енгізуді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазына қоймасынан тұтынушыларға берілетін қымбат металдар үшін есеп айырысулар осы қаулының І-тармағындағы әдіс бойынша өткен күнгі таңертеңгі лондондық фиксинг бойынша есеп айырысу күніне есептелінген баға мен және қазына қоймасының қымбат металдар мемлекеттік қорына қызмет көрсету мен оны ұстау жөніндегі шығындарды бір процентке ұлғайтып өтеу мақсатында теңгемен жүзеге асыру белгіленсін .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шот жазылған күні есеп айырысу күні болып есептелсін.

4. "Қазақстан Республикасында бағалы металдар үшін есеп айырысудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 шілдедегі N 590 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 26, 327-бап/ 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК